

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2025 жылғы 19 желтоқсандағы № ДС-497

### Құрметті депутаттар!

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты сұрауыңызды қарай отырып мынаны хабарлаймын.

***Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – ТЖМ) туралы ережені әрбір жеке және көп қабатты тұрғын үйде өрт сигнализаторларын, түтін және газ датчиктерін міндетті түрде орнату жөніндегі нормамен толықтыруға қатысты***

Қазіргі уақытта құрылыс нормаларына сәйкес қабаттылыққа қарамастан жобаланатын көппәтерлі тұрғын үйлер автоматты өрт сигналдау жүйелерімен жабдықталады (ҚР ҚН 2.02-02-2023 «Ғимараттар мен құрылыстардың өрт автоматикасы» және ҚР ҚЕ 2.02-102-2022 «Ғимараттар мен құрылыстардың өрт автоматикасы»).

Өрт қауіпсіздігі қағидаларында (ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы) жеке тұрғын үйлердің тұрғын үй-жайларын автономды түтін өрт хабарлағыштарымен жабдықтау көзделген.

**Анықтама:** Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 410-бабында әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Бұдан басқа құрылыс нормаларына сәйкес (ҚР ҚН 4.03-01-2011 «Газ тарту жүйелері» 7.7-тармағы) табиғи газдың ағып кетуін анықтау үшін тұрғын үйлердің (пәтерлердің) газдандырылған үй-жайларында газдануды бақылау және пайдаланылатын газ (табиғи, сұйытылған) шоғырланудың рұқсат етілген деңгейінен асқан кезде газ беруді автоматты түрде ажырата отырып, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерімен жарақтандыру көзделген.

Автоматты өрт сигналдау мен өрт хабарлағыштарын орнату міндетті түрде орындалатын өрт қауіпсіздігі талаптарының жүйесіне кіретінін, ал газ талдағыштар қазірдің өзінде газбен жабдықтау саласындағы талаптар болып табылатынын ескере отырып, қосымша регламенттеу, оның ішінде ТЖМ туралы ережеге түзетулер енгізу талап етілмейді.

***Көп балалы және аз қамтылған азаматтар тұратын үйлерде мемлекет есебінен өрт қауіпсіздігі құрылғыларын тегін орнату бағдарламаларын әзірлеуге қатысты***

Жыл сайын жылу беру кезеңінде Тұрғын үй секторында өрт профилактикасын жүргізу жоспарына сәйкес әлеуметтік жағынан осал азаматтардың, көп балалы және аз қамтылған отбасылардың, зейнеткерлер мен мүгедектердің тұрғын үйлерінде газ және жану өнімдерінің (түтін) қауіпті концентрациясын анықтау датчиктерін орнату бойынша жұмыс жүргізіледі.

2025 жылы ТЖМ әкімдіктердің, үкіметтік емес және волонтерлік ұйымдардың қолдауымен әлеуметтік осал азаматтардың үйлерінде 43 мыңнан астам өрт датчигі орнатылды.

2019 жылдан бері барлығы 301 мыңнан астам датчик орнатылды (*66 іске қосылу тіркелді, 281 адамның қаза болуына жол берілмеді*).

***Өрт қауіпсіздігі құрылғыларын сертификаттауды және нарықтық бақылауды күшейту, сапасыз әрі қауіпті өнімдердің саудаға түсуіне жол бермеу мәселесі бойынша***

«Өрт қауіпсіздігін және өрт сөндіруді қамтамасыз ету құралдарына қойылатын талаптар туралы» 043 ЕАЭО-ның техникалық регламентімен сертификаттау немесе декларациялау нысанындағы сәйкестіктігін бағалауға жататын өрт сөндіру және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарының тізбесі бекітілген (*өрт техникасы, өрт-техникалық жарақ, өрт сөндіргіштер, өрт сигналдауы және т.б.*).

Қазіргі уақытта ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту орталығы» АҚ базасында сәйкестікті растау жөніндегі органды (*бұдан әрі – СРО*) құру бойынша жұмыс жүргізуде, ол өртке қарсы өнімдердің барлық тізбесі бойынша қызмет көрсететін болады (*қазіргі уақытта өнімнің белгілі бір түрлеріне 5 жеке СРО бар*).

***Ауылдық жерлердегі өртке қарсы қызметтердің материалдық-техникалық базасын жаңғырту, шағын елді мекендерге жедел жету уақытын қысқартатын жаңа үлгідегі мобильді өрт бөлімшелерін енгізу мәселесі бойынша***

Елдің өртке қарсы қорғауын 446 өрт сөндіру бөлімшесі жүзеге асырады (*қалаларда – 209, ауылдарда – 237*).

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ ауылдық елді мекендердің өрт қауіпсіздігін күшейту мақсатында ТЖМ «Ауыл құтқарушылары» ведомстволық жоспарын бекітті, осыған сәйкес 2025 жылы ЖАО халқы 512 мың халқы бар 430 елді мекенді қорғау үшін 152 өрт сөндіру бекетін құрды.

2025 жылғы 30 желтоқсанда ТЖМ 550 өрт сөндіру бекетін құруды көздейтін және халқы 1 млн адамды құрайтын 1 037 ауылдық елді мекенді өртке қарсы қорғаумен қамтуға мүмкіндік беретін 2026 жылға арналған Қазақстан Республикасының елді мекендерінде өрт сөндіру бекеттерін құру және жаңғырту жоспарын бекітті.

***Бірыңғай ұлттық стандартты енгізе отырып, тұрғын үй қорындағы қауіпсіздік саласын кешенді реформалау жоспарын әзірлеуге қатысты***

«Азаматтық қорғау туралы» Заңға енгізілген түзетулерге сәйкес, 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап биіктігі 28 метрден асатын көппәтерлі тұрғын үйлер пайдалануға қабылдау және іске қосу алдында «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өрт қауіпсіздігі талаптарының объектісіне сәйкестігі туралы қорытынды алуға жатады.

Аталған қорытындыны беруді азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі жүзеге асыратын болады.

Бұл функцияны жүзеге асыру шеңберінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі салынған объектіде орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне өрт-техникалық тексеру жүргізеді.

Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру тәртібі тиісті қағидаларда айқындалған (*ТЖМ 2025 жылғы 26 тамыздағы №359 бұйрығы*).

Жалпы тұрғын үй қорындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері уәкілетті органдар мен Үкіметтің бақылауында.

**Р. Скляр**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

На № ДС-497 от 19 декабря 2025 года

### Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш запрос касательно обеспечения пожарной безопасности, сообщаю следующее.

***Касательно дополнения Положения о Министерстве по чрезвычайным ситуациям (далее – МЧС) нормой по обязательной установке пожарных сигнализаторов, датчиков дыма и газа в каждом частном и многоэтажном жилом доме***

В настоящее время системами автоматической пожарной сигнализации оборудуются проектируемые многоквартирные жилые дома независимо от этажности согласно строительным нормам (СН РК 2.02-02-2023 «Пожарная автоматика зданий и сооружений» и СП РК 2.02-102-2022 «Пожарная автоматика зданий и сооружений»).

В Правилах пожарной безопасности (приказ МЧС от 21 февраля 2022 года № 55) предусмотрено оборудование жилых помещений индивидуальных жилых домов автономными дымовыми пожарными извещателями.

***Справочно:*** Административная ответственность за нарушения требований пожарной безопасности предусмотрена статьей 410 Кодекса об административных правонарушениях.

Кроме того, для обнаружения утечки природного газа в соответствии со строительными нормами (пункт 7.7 СН РК 4.03-01-2011 «Газораспределительные системы») в газифицированных помещениях жилых зданий (квартир) предусматривается оснащение системами контроля загазованности и обеспечения пожарной безопасности с автоматическим отключением подачи газа при превышении допустимого уровня концентрации используемого (природного, сжиженного) газа.

Учитывая, что установка автоматической пожарной сигнализации и пожарных извещателей входят в систему требований пожарной безопасности

обязательных к исполнению, а газоанализаторы уже являются требованиями в сфере газоснабжения, дополнительная регламентация, в том числе путем внесения поправок в Положение о МЧС не требуется.

***Касательно разработки программ бесплатной установки устройств пожарной безопасности за счет государства в домах, где проживают малообеспеченные, многодетные и малообеспеченные граждане***

Ежегодно в отопительный период в соответствии с Планом проведения пожарной профилактики в жилом секторе проводится работа по установке датчиков определения опасной концентрации газа и продуктов горения (*дыма*) в жилых домах социально-уязвимых граждан, многодетных и малообеспеченных семей, пенсионеров и инвалидов.

В 2025 году МЧС при поддержке акиматов, неправительственных и волонтерских организаций в домах социально-уязвимых граждан установлено свыше 43 тысячи пожарных датчиков.

Всего с 2019 года установлено свыше 301 тысячи датчиков (*зарегистрировано 66 сработок, предотвращена гибель 281 человека*).

***Касательно усиления сертификации и рыночного контроля устройств пожарной безопасности, недопущение попадания некачественных и опасных средств в торговлю***

Техническим регламентом ЕАЭС 043 «О требованиях к средствам обеспечения пожарной безопасности и пожаротушения» утвержден перечень средств обеспечения пожарной безопасности и пожаротушения (*пожарная техника, пожарно-техническое вооружение, огнетушители, пожарная сигнализация и др.*), подлежащих оценке соответствия в форме сертификации и декларирования.

В настоящее время МЧС проводится работа по созданию на базе АО «Национального центра научных исследований, подготовки и обучения в сфере гражданской защиты» органа по подтверждению соответствия, который будет оказывать услуги по всему перечню противопожарной продукции (*в настоящее время имеется 5 частных ОПС на определенные виды продукции*).

***Касательно модернизации материально-технической базы противопожарных служб в сельской местности, внедрение мобильных пожарных подразделений нового типа, сокращающих время оперативного доступа к малым населенным пунктам***

Противопожарную защиту страны осуществляют 446 пожарных подразделений (*в городах – 209, в селах – 237*).

В целях усиления противопожарной защиты сельских населенных пунктов, где отсутствуют подразделения государственной противопожарной службы, МЧС утвержден ведомственный план «Ауыл құтқарушылары», согласно которому в 2025 году создано 152 пункта пожаротушения МИО для защиты 430 пунктов с населением 512 тыс. человек.

30 декабря 2025 года МЧС утвержден План по созданию и реновации противопожарных подразделений в населенных пунктах Республики Казахстан

на 2026 год, который предусматривает создание 550 пунктов пожаротушения, что позволит охватить противопожарной защитой 1 037 сельских населённых пунктов, в которых проживает порядка 1 млн человек.

***Касательно разработки плана комплексного реформирования сферы безопасности в жилищном фонде с внедрением единого национального стандарта***

В соответствии с поправками, внесенными в Закон «О гражданской защите», с 1 февраля 2026 года многоквартирные жилые дома высотой более 28 метров перед приемкой и вводом в эксплуатацию будут подлежать получению заключения о соответствии объекта требованиям пожарной безопасности в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях».

Выдача данного заключения будет осуществляться территориальным подразделением уполномоченного органа в сфере гражданской защиты.

В ходе осуществления данной функции территориальным подразделением уполномоченного органа будет проводиться пожарно-техническое обследование построенного объекта на соответствие выполненных строительно-монтажных работ требованиям пожарной безопасности.

Порядок выдачи заключения о соответствии объекта требованиям пожарной безопасности определен соответствующими правилами (*приказ МЧС от 26 августа 2025 года №359*).

В целом вопросы обеспечения пожарной безопасности в жилом фонде находятся на контроле уполномоченных органов и Правительства.

**Р. Скляр**